

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 ақпандағы № 157 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 наурызда № 2251 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 10.02.2015 № 76 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30 бабының 1 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес Төлеби ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері елді мекендер аумақтарын көріктендіру және тазалау болып белгіленсін.

2. «Төлеби көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеу мекемесі б о л ы п б е л г і л е н с і н .

3. Қала, ауылдық округ әкімдері Төлеби аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Б. Бейсебаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Ә.Тұрғымбеков